

А. Б. Бақытова, 2-курс

**Ғылыми жетекшісі: М. М. Байжанов, аға оқытушысы, PhD докторант
(әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті)**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУМАҒЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ АЗШЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Ұлтаралық қатынас көпұлтты Қазақстан Республикасында ерекше көңіл аударуды қажет ететін мәселелер қатарына жатады. Қазақстан жерін мекендейтін халықтардың достық, туыскандық қарым-қатынасы, оларды біртұтас мақсатқа жетелейтін жетекші ұлттық мүдденің болуы қазіргі саясаттың маңызды бөлігіне айналды. Басқа елдермен салыстырар болсақ, Түркияның этникалық құрамы ғасырлар бойы дамып, бүгінгі жағдайына жетіп отыр. Мәселен, Түркияда тұратын күрттер — қазіргі кезде сол аумақта өмір сүретін үлкен этникалық топтардың бірі. Олар Осман империясы кезеңінде түркіленуден қашып құтылған, өздерінің салт-дәстүрін, тілін сақтай отырып, 1925 және 1930 жылдары көтерілістерге шыққан. Бірақ ол көтерілістер Түрік Республикасымен қатаң жанышталған болатын. Содан кейін тек 2000 жылдардың басында Түркия Еуропа Одағына толық мүшелік ету үшін жасалған шаралар барысында күрттерге қосымша құқықтар берді. 2003 жылы мектептерде ұлттық азшылықтардың тілінде білім алуға рұқсат ететін заң күшіне енген болатын. Елдің Конституциясына түрік тілінен басқа тілді қолдануға тыйым салынатын заңға өзгерістер енгізілді. Осындай жағдайлар нәтижесінде Түркиядағы күрттердің құқықтары қорғалған болатын¹.

Ресей Федерациясына келер болсақ, бұл ел де өзінің көпұлттылығымен ерекшеленеді. Өйткені бұл елде республикалар мен автономды округтар бар. Сол автономиялардың әрқайсысының өзінің тілі, мәдениеті, діні, ең бастысы, халқы, ұлты бар. Олардың барлығының арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз ете алу оңай шаруа емес. Көптеген елдерде осы көпұлттылыққа байланысты ассимиляция үрдісі жүруі де мүмкін. Сондай ассимиляция Ресейде де карел, мордва халықтарына қатысты жүргізілген болатын. Яғни, екі немесе одан да көп ұлттық топты біріктіріп, оның ішінде тілін, дінін, идеологиясын біріктіру. Бұның нәтижесінде сол халықтың құқықтары шектелетінін көреміз².

Осындай мысалдарды көре отырып, Қазақстандағы ұлттық қатынастарды талқылай аламыз. Қазақстанда 140-қа жуық ұлт өкілдері тұрады. Олардың барлығы Қазақстан аумағына белгілі тарихи жағдай нәтижесінде қоныс аударып келген болатын. Солардың барлығы қазіргі таңда бейбітшілікте тату-тәтті өмір сүруде. Бірақ қанша бірлік болғанымен ішінара шешілмеген дауларды жоққа шығара алмаймыз. Біздің қазіргі жағдайға жетуімізге бұл халықтар да өз ықпалдырын тигізген болатын. Осындай қоныс аударған ұлттардың мысалы ретінде қазақ жеріне 1877-1884 жылдары қоныс аударылған ұйғырлар мен дүнгендерді алып көрейік. XIX ғасырдың 70-80 жылдары Патша үкіметі ұйғырлар мен дүнгендердің Қытайдан Жетісуға жер аударылуын жүзеге асырған болатын. Ең алғаш дүнгендер Қазақстан аумағына 1877 жылы көшіп келген болатын. Бұл кезде 4 мыңға жуық дүнген көшкен. Екінші толқыны — 1884 жылы көшкен. Ал ұйғырлар елімізге 1881 жылы көшкен екен. Қоныс аударушылар, көбінесе, Жетісу өңіріндегі Жаркент және Верный қалаларына орналастырылды. Бүгінгі күнде қазақ жеріндегі ұйғырлар мен дүнгендер Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда кенінен қоныстанған. Осылай Қазақстандағы әртүрлі топтардың өзінің белгілі бір көптеп орналасқан аймағы бар³.

Ұйғырлар мен дүнгендерден басқа қазақ жерінде немістер, кәрістер, поляктар, украиндықтар, орыстар, белорустар, өзбектер және басқа да ұлттар да тұрады. Бұлардың барлығы елімізге белгілі бір тарихи жағдайлар нәтижесінде көшіп келген. Одан кейін мемлекет өз алдына ұлттар арасындағы қатынастарды дамытуды мақсат етіп қойды. Осыған жету үшін Қазақстанның Тәуелсіздігімен бірге экономикалық дербестік, ұлттық мәдени орталықтар дүниеге келді. ҚР Конституция бойынша әлеуметтік, зайырлы мемлекет болғандықтан еліміздегі өзге ұлттардың да жағдайлары жасалып, олардың да тілдері қазақ тілімен қатар

қолданып, барлық еркіндіктеріне кепілдік берілген. Бұл ұлттардың арасындағы қатынастарды жақсартудың, бірлікті сақтаудың жолы.

Ендігі бір өзекті мәселе — бұл шет елдерде ел кезіп, жер кезіп жүрген өз отандастарымыздың да құқықтарын қорғалуы. Қазіргі таңда шет елдердің «есігінен сығалап жүрген» отандастарымыздың саны 2 миллионға жуық. Біз елімізде басқа ұлт өкілдерімен қандай қатынаста болсақ, олардың құқықтары қалай қорғалатын болса, басқа мемлекеттерден де соны талап етуіміз орынды деп ойлаймын. Өйткені, бәріміз де адамбыз. Адам ретінде құқықтарымыздың қорғалуын талап етуіміздің өзі — біздің құқығымыз. ҚР тәуелсіздігін алғалы бері шет елдердегі қазақтар көптеп өз елдеріне оралуда. Бүгінгі таңда олардың әлеуметтік, тұрмыс жағдайларына көп мән берілген. Мемлекет әр оралманға квота бөліп, үй салып, бауырына басып отыр⁴.

Бұдан көретініміз — ұлттық азшылықтарға байланысты жағдай тек қана сол мемлекеттің ішкі жағдайы емес, ол халықаралық деңгейдегі мәселе. Сондықтан, барлық мемлекеттердің осы ұлттық азшылықтардың құқықтарының қорғалуында, ұлттардың арасындағы қатынастардың реттелуінде халықаралық құқықтық актілердің алатын орын зор. Қазіргі таңда көптеген халықаралық конвенциялар мен шарттар адам құқықтарын қорғауға арналған. Халықаралық конвенцияларды ратификациялай отырып, әрбір ел, менің ойымша, өзінің ішкі қатынастарын реттей алады. Бұған байланысты 1990 жылғы еңбекші-мигранттардың және олардың құқықтарын қорғау туралы халықаралық Конвенция, Халықаралық еңбек ұйымының 1949 жылғы жұмысшы-мигранттар туралы және еңбекші-мигранттар туралы Конвенциясы, азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакт, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық Пакт, азаматсыздықты қысқарту жөніндегі Конвенция және т. б, көптеген халықаралық актілерді атай аламыз.

Мәселен, Қазақстан ел ішіндегі қатынастарды шешуді, ынтымақтастықтың сақталуын көздей отырып, бірнеше халықаралық конвенцияларды ратификациялады. ҚР 1993 жылдан бері Халықаралық еңбек ұйымының мүшесі болып отыр. Қазақстан осы ұйымның 16 конвенциясын ратификациялаған. Оған қоса, Қазақстан Республикасы адам құқықтарын байланысты және еңбекші-мигранттарды қорғаудағы маңызды орын алатын халықаралық конвенцияларды ратификациялады.

Қорытындылай келе, менің осы мәселеге байланысты ұсыныстарым:

Шет елдердегі қазақтардың, оның ішінде, еңбекші-мигранттардың, азаматтығы жоқ адамдардың құқықтарының қорғалуы жөнінде өзге елдермен екіжақты шарт жасасу;

– Елдегі ұлттық азшылықтарға байланысты қауіпсіздік мәселесін қозғау, яғни ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен орын алуы мүмкін егестердің алдын алу;

– Ұлттық азшылықтардың орналасуына көңіл бөлу, яғни олардың бір аймақта көптеп орналаспауын қамтамасыз ету, өйткені, ел қауіпсіздігі басты назарда болуы тиіс.

¹ Масанов И. Э., Абылхожин Ж. Б. История Казахстана: Народы и культуры: Учеб. пос. — Алматы, 2000.

² Көрсетілген жұмыс.

³ Маданов Х., Мусин Ч. Ұлы дала тарихы: Оқу құралы. — Алматы, 1994.

⁴ Казахи: Историко-этнографическое исследование. — Алматы, 1995.